

Тиімділік керек

Жуықта С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада дөңгелек үстел өтті. Шарада елдің экономикалық-әлеуметтік, мәдени жағдайын дамыту жолындағы мемлекеттік қызметшілердің рөлі сөз болды.

Қарлығаш ХАШЫМҚЫЗЫ



Павлодар облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Мақсұт Өтешев шараға жиналғандарды мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға шақырды.

- Мемлекеттік қызметші бір саланы қамтитын мамандық емес. Ол Елбасының саясатын жергілікті жерде жүргізуші, халық пен билік арасында тығыз байланыс орнатушы, мемлекетіміздің бет-бейнесі болып табылады, - деді ол.

Жиын барысында аталмыш саланы дамытудың жолдары талқыланып, жас мамандар көкейде жүрген сұрақтарын қойса, тәжірибелі қызметкерлер мамандықтарының қыр-сырымен таныстырып, жетістікке жетудің жолдарымен бөлісті.

Айта кетелік, Павлодар облысы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша 2014 жылы бесінші орында болса, биылғы жылы екінші орынға ие болған.